

АВС+ жеке мекемесі

2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес құжаттары

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ҚҰЖАТТАРЫ

2023–2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Өткізу мерзімі	Қаралатын мәселелер	Жауапты
1	Қыркүйек	Жылдық жоспарды бекіту, әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру, педагогтердің құжаттарын қарау	Менгеруші, әдіскер
2	Қараша	Бейімделу кезеңінің қорытындысы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын талдау, ашық сабақтарды талқылау	Әдіскер
3	Қаңтар	I жартыжылдық қорытындысы, мониторинг нәтижелері, инновациялық технологияларды қолдану	Әдіскер,
4	Наурыз	Педагогтердің кәсіби шеберлігі, тәжірибе алмасу, семинар-практикум нәтижелері	Әдіскер
5	Мамыр	Жылдық қорытынды, мониторинг нәтижелері, келесі оқу жылына ұсыныстар	Менгеруші, әдіскер

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Тақырыбы: «2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары»

Мақсаты:

Жылдық жоспарды бекіту, педагогтердің жұмысын ұйымдастыру және жаңа оқу жылындағы міндеттерді айқындау.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың мақсат-міндеттері.
2. Жылдық жоспарды бекіту.
3. Педагогтердің перспективалық және циклограммалық жоспарларын қарастыру.
4. Аттестаттау және біліктілікті арттыру жоспары.
5. Өртүрлі мәселелер.

Шешімдері:

1. Жылдық жоспар бекітілсін.
2. Педагогтердің барлық жоспарлары талапқа сай рәсімделсін.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі бекітілсін.
4. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілсін.
5. Әдістемелік жұмыстар ай сайын бақылауға алынсын.

ҚАРАША АЙЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Тақырыбы:

«Білім беру процесінің сапасын арттырудағы заманауи педагогикалық әдістер»

Күн тәртібі:

1. Бірінші тоқсан қорытындысы.
2. Ашық іс-әрекеттерді талдау.
3. Балалардың даму мониторингі.
4. Әдістемелік көрме ұйымдастыру.
5. Ұсыныстар қабылдау.

ҚАҢТАР АЙЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Тақырыбы: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту»

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. Мониторинг нәтижелерін талдау.
3. Инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі.
4. Өздігінен білім жетілдіру жұмыстары.
5. Шешім қабылдау.

МАМЫР АЙЫНДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Тақырыбы:

«2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы»

Күн тәртібі:

1. Жылдық әдістемелік жұмыстың есебі.
2. Балалардың даму мониторингінің қорытындысы.
3. Педагогтердің кәсіби жетістіктері.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар.
5. Қорытынды шешім қабылдау.

АВС+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 28 тамыз 2023 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер.

Төрайымы: Меңгеруші

Хатшысы: Тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын талқылау.
2. Жылдық жоспарды бекіту.
3. Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын қарау.
4. Педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау жоспары.
5. Өртүрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Әдіскер **Борибекова А.С.** сөз алып 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері туралы баяндама жасады. Баяндамада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, дамытушы орта құру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы басым бағыттар таныстырылды:

- балалардың тілдік қарым-қатынасын дамыту;
- ойын арқылы оқыту әдістерін жетілдіру;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- ата-анамен ынтымақтастықты күшейту;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Сөйлегендер:

Педагогтер жаңа оқу жылында тәжірибе алмасу семинарларын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді және өзара сабаққа қатысу жұмыстарын жүйелі түрде өткізуді ұсынды.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші **Борибекова А.С.** сөз алып 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда оқу-тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыстар, бақылау қызметі, ата-аналармен жұмыс және педагогтердің кәсіби дамуына қатысты іс-шаралар қамтылғаны атап өтілді.

Шешім:

- Жылдық жұмыс жоспары бірауыздан бекітілсін.
- Барлық педагогтер жоспарға сәйкес жұмыс жүргізісін.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер **Борибекова А.С.** сөз алып, педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары және күнтізбелік жоспарлары мемлекеттік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қаралғанын хабарлады. Кейбір жоспарларда техникалық түзетулер қажет екені айтылды.

Шешім:

- Барлық жоспарлар белгіленген мерзімде толықтырылсын.
- Әдіскер тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші **Борибекова А.С.** сөз алып, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу және аттестаттаудан өту жоспарын таныстырды.

Шешім:

- Курстан өту кестесі бекітілсін.
- Аттестаттауға қатысатын педагогтерге қажетті әдістемелік қолдау көрсетілсін.

Әртүрлі мәселелер

- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі бекітілді.
- Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.
- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар қайта түсіндірілді.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ

1. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің жоспарлау құжаттары талапқа сәйкес рәсімделсін.
3. Ашық іс-әрекеттер мен тәжірибе алмасу жүйелі өткізілсін.
4. Педагогтердің кәсіби дамуына арналған семинарлар ұйымдастырылсын.
5. Әдістемелік жұмыстардың орындалуы тоқсан сайын талданып отырсын.

Төраға:  **Борибекова А.С.**

Хатшы:  **Алтынбекова Қ.**

АВС+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№2 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Білім беру процесінің сапасын арттырудағы заманауи педагогикалық әдістер»

Өткізілген күні: 24 қараша 2023 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар:

Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер,

Төрайымы: Меңгеруші

Хатшысы: Әдіскер

КҮН ТӘРТІБІ

1. I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Заманауи педагогикалық әдістерді қолдану тәжірибесі.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің талдауы.
4. Балалардың бейімделу және даму көрсеткіштері.
5. Өртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша

Тындалды:

Әдіскер **Борибекова А.С.** сөз алып, I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы туралы баяндады.

Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі ұйымдастырылған түрде жүргізілгені, тәрбиешілер тарапынан балалардың психологиялық жай-күйіне ерекше көңіл бөлінгені айтылды.

Топтарда күн тәртібі сақталып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы орта ұйымдастырылған.

Балалардың:

- қарым-қатынас дағдылары;
- өздігінен әрекет ету қабілеттері;
- шығармашылық белсенділігі;
- танымдық қызығушылықтары

бақылау арқылы зерделенді.

Шешім:

1. Балалардың даму деңгейін бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Әр балаға жеке қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.

2-мәселе бойынша

Тындалды:

Әдіскер **Борибекова А.С.** сөз алып, «Заманауи педагогикалық әдістерді оқу-тәрбие процесінде қолдану» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада:

- ойын арқылы оқыту;
- жобалау әдісі;
- зерттеу әрекеті;
- шығармашылық тапсырмалар;
- ақпараттық технологияларды пайдалану

туралы айтылды.

Педагогтерге балалардың белсенділігін арттыратын әдістерді тиімді қолдану ұсынылды.

Шешім:

1. Заманауи әдістер оқу қызметтерінде жүйелі қолданылсын.
2. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп отырсын.

3-мәселе бойынша

Тындалды: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге талдау жасалды.

Тәрбиешілердің балалармен жұмыс жүргізу әдістері, көрнекіліктерді қолдануы, балалардың белсенділігі қарастырылды.

Ашық іс-әрекеттердің жағымды жақтары:

- балалардың қызығушылығы жоғары болды;
- ойын әдістері тиімді қолданылды;
- жеке жұмыс ұйымдастырылды.

Ұсыныс: Педагогтер ашық іс-әрекеттерді тәжірибе алмасу мақсатында жалғастырсын.

4-мәселе бойынша

Тындалды: Әдіскер **Борибекова А.С.** сөз алып, балалардың бейімделу кезеңі бойынша қорытынды ақпарат берді.

Балалардың балабақша ортасына біртіндеп үйренгені, ата-аналармен байланыс жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Шешім:

1. Балалардың психологиялық жай-күйін бақылау жалғастырылсын.
2. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары күшейтілсін.

ӘРТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Топ бөлмелеріндегі дамытушы ортаны толықтыру.
- Педагогтердің шығармашылық жұмыстарын жинақтау.
- Алдағы семинарларға дайындық жүргізу.

ҚАУЛЫ

1. Оқу-тәрбие процесінде заманауи әдістерді пайдалану жұмысы жалғастырылсын.
2. Балалардың даму мониторингі тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуы ұйымдастырылсын.
4. Әдістемелік жұмыстар белгіленген жоспар бойынша орындалсын.

Төраға:  **Борибекова А.С.**

Хатшы: _____ **Алтынбекова Қ.**

АВС+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №2

Баяндама тақырыбы: «Заманауи педагогикалық әдістер арқылы оқу-тәрбие сапасын арттыру»

Баяндамашы: әдіскер Борибекова А.С.

Өткізілген уақыты: қараша 2023 жыл

КІРІСПЕ

Құрметті әдістемелік кеңес мүшелері!

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жеке тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға және қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас жасауына ерекше көңіл бөлінеді.

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің сапасы педагогтің кәсіби шеберлігіне, қолданатын әдіс-тәсілдеріне және баланың қызығушылығын оята білуіне байланысты.

АВС+ жеке мекемесі педагогтердің басты міндеті – тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

1. ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Заманауи педагогикалық әдістер – баланың белсенді әрекет етуіне, өз ойын еркін жеткізуіне, ізденуіне мүмкіндік беретін тиімді тәсілдер.

Дәстүрлі оқытуда педагог негізгі ақпарат беруші болса, қазіргі әдістерде педагог – баланың әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға.

Заманауи тәсілдерді қолдану арқылы:

- балалардың қызығушылығы артады;
- шығармашылық қабілеттері дамиды;
- өз бетімен шешім қабылдау дағдылары қалыптасады;
- қарым-қатынас мәдениеті жетіледі.

2. ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін негізгі әрекет түрі – ойын.

Ойын технологиясы арқылы балалар:

- жаңа білімді жеңіл меңгереді;
- қоршаған ортаны танып біледі;
- тілдік қарым-қатынасы дамиды;
- әлеуметтік дағдылары қалыптасады.

Педагогтер оқу қызметтерінде:

- сюжеттік-рөлдік ойындар;
- дидактикалық ойындар;
- қимылды ойындар;
- шығармашылық ойындарды

тиімді пайдалана алады.

3. ЖОБАЛАУ ӘДІСІ

Жобалау әдісі – балалардың белгілі бір мәселені зерттеп, нәтижеге бағытталған әрекет жасауына мүмкіндік беретін әдіс.

Балабақша жағдайында жобалар:

- табиғатты қорғау;
- ұлттық құндылықтар;
- денсаулық сақтау;
- шығармашылық бағыттар

бойынша ұйымдастырылуы мүмкін.

Жоба барысында бала:

- зерттейді;
- сұрақ қояды;
- тәжірибе жасайды;
- қорытынды шығарады.

4. ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІ

Балалардың табиғи қызығушылығы – зерттеу әрекетінің негізі.

Педагог балаларға:

- бақылау жүргізу;
- тәжірибе жасау;
- салыстыру;
- қорытынды жасау

мүмкіндігін ұйымдастыруы қажет.

Мысалы:

- өсімдіктердің өсуін бақылау;
- судың қасиеттерін зерттеу;
- табиғи құбылыстарды бақылау.

Бұл әдістер баланың ойлау қабілетін дамытады.

5. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі педагог үшін ақпараттық технологияларды пайдалану маңызды бағыттардың бірі.

Оқу қызметінде:

- бейнематериалдар;
- электронды көрнекіліктер;
- интерактивті тапсырмалар

балалардың қызығушылығын арттырады.

Ақпараттық құралдар педагогтің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, баланың қабылдау мүмкіндігін кеңейтеді.

6. ПЕДАГОГТЕРГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Әр оқу қызметінде баланың белсенді әрекет етуіне жағдай жасау.
2. Ойын әдістерін жүйелі пайдалану.
3. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру.
4. Шығармашылық тапсырмаларды көбейту.
5. Өз тәжірибесін жетілдіру және әріптестермен тәжірибе алмасу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи педагогикалық әдістерді тиімді қолдану – мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттырудың маңызды шарты.

Педагог баланың дамуына қолайлы орта құрып, оның шығармашылық қабілетін ашуға бағытталған жұмыстар жүргізуі қажет.

АВС+ жеке мекемесі педагогтері жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану арқылы тәрбиеленушілердің сапалы дамуына үлес қосады.

Назарларыңызға рақмет!

Баяндамашы: әдіскер Борибекова А.С.

ABC+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№3 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту»

Өткізілген күні: 26 қаңтар 2024 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар:

Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер,

Төрайымы: _____ Борибекова А.С.

Хатшысы: _____ Алтынбекова Қ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023–2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері.
4. Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру жұмыстары.
5. Өртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Борибекова А.С. сөз алып, I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы туралы ақпарат берді.

Жыл басында жоспарланған әдістемелік жұмыстардың орындалуы қарастырылды. Педагогтердің оқу қызметтерін ұйымдастыруы, балалардың даму деңгейі, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар талданды.

Жағымды нәтижелер:

- педагогтердің жоспарлау құжаттарын сапалы жүргізуі;
- балалардың қызығушылығын арттыруға бағытталған әдістерді қолдануы;
- шығармашылық жұмыстардың ұйымдастырылуы.

Шешім:

1. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне назар аударылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Борибекова А.С. сөз алып, «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында баяндама жасады.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – білімді тәжірибеде тиімді қолдану, жаңа әдістерді меңгеру, бала қажеттілігіне сай жұмыс ұйымдастыру қабілеті екені айтылды.

Кәсіби дамудың негізгі бағыттары:

- өз білімін жетілдіру;
- тәжірибе алмасу;
- семинарларға қатысу;
- шығармашылық ізденіс;
- заманауи әдістерді меңгеру.

Шешім:

1. Әр педагог өздігінен білім жетілдіру жоспары бойынша жұмыс жүргізсін.
2. Тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог балалардың даму мониторингі нәтижелері бойынша ақпарат берді.

Балалардың танымдық, әлеуметтік, коммуникативтік және шығармашылық даму көрсеткіштері қарастырылды.

Балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді.

Шешім:

1. Мониторинг нәтижелері негізінде түзету және дамыту жұмыстары жүргізілсін.
2. Тәрбиешілер жеке жұмыс жоспарларын толықтырсын.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру тақырыптары қаралды.

Әр педагогтің кәсіби қызығушылығына сәйкес тақырып таңдап, жыл бойы тәжірибелік жұмыс жүргізетіні айтылды.

Шешім:

1. Өздігінен білім жетілдіру жұмыстары бақылауға алынсын.
2. Жыл соңында педагогтердің шығармашылық есептері тыңдалсын.

ӘРТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Көктемгі мерекелік іс-шараларға дайындық.
- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу.
- Топтардың дамытушы ортасын толықтыру.

ҚАУЛЫ

1. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасалсын.
2. Өздігінен білім жетілдіру жұмыстары жүйелендірілсін.
3. Балалардың даму мониторингі бойынша жеке жұмыстар жүргізілсін.
4. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы бақылауда болсын.

Төраға: _____ Борибекова А.С.

Хатшы: _____ Дінәсілбек А.

ABC+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №3

Баяндама тақырыбы: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары»

Баяндамашы: әдіскер

Өткізілген уақыты: қаңтар 2024 жыл

КІРІСПЕ: Құрметті әдістемелік кеңес мүшелері!

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі оқу-тәрбие процесінің сапасын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Заманауи педагог тек білім беруші ғана емес, баланың жеке тұлғалық дамуын ұйымдастырушы, бағыттаушы және шығармашылық ізденуші маман болуы қажет.

ABC+ жеке мекемесі педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және жаңа педагогикалық тәсілдерді меңгерту – әдістемелік жұмыстың басты бағыттарының бірі.

1. ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ҰҒЫМЫ

Кәсіби құзыреттілік – педагогтің өз білімін, тәжірибесін және қабілеттерін тиімді пайдалана отырып, сапалы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі келесі бағыттарды қамтиды:

- педагогикалық білім;
- әдістемелік шеберлік;
- балалар психологиясын түсіну;
- шығармашылық ізденіс;
- заманауи технологияларды меңгеру;
- қарым-қатынас мәдениеті.

2. ПЕДАГОГТІҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ ЖЕТІЛДІРУІ

Кәсіби дамудың негізгі жолдарының бірі – педагогтің өздігінен білім жетілдіруі.

Өздігінен білім жетілдіру барысында педагог:

- кәсіби әдебиеттер оқиды;
- жаңа әдістерді зерттейді;
- тәжірибесін талдайды;
- шығармашылық жұмыстар жүргізеді;
- әріптестерімен тәжірибе алмасады.

Әр педагог оқу жылы басында жеке даму тақырыбын таңдап, жоспар бойынша жұмыс жүргізуі қажет.

3. ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

Педагогтердің тәжірибе алмасуы кәсіби шеберлікті арттырудың тиімді тәсілі болып табылады.

Тәжірибе алмасу түрлері:

- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер;
- шеберлік сағаттары;
- семинар-практикумдар;
- педагогикалық кеңестер;
- шығармашылық топ жұмыстары.

Бұл жұмыстар педагогтердің жаңа идеялармен танысуына және өз тәжірибесін жетілдіруіне мүмкіндік береді.

4. ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕҢГЕРУ

Қазіргі педагог баланың қызығушылығын арттыру үшін тиімді әдістерді қолдана білуі керек.

Олардың қатарында:

- ойын технологиясы;
- жобалау әдісі;
- зерттеу әдісі;
- ақпараттық технологиялар;
- шығармашылық тапсырмалар.

Бұл әдістер баланың белсенділігін арттырып, білімді тәжірибе арқылы меңгеруіне жағдай жасайды.

5. ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

Балабақшадағы жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету маңызды.

Жас мамандарға:

- тәлімгер бекіту;
- жоспар құруға көмек беру;
- оқу қызметтерін талдау;
- тәжірибелі педагогтердің сабақтарына қатыстыру;
- кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

Бұл жас педагогтің кәсіби қалыптасуына мүмкіндік береді.

6. ПЕДАГОГТЕРГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Кәсіби білімін үнемі жетілдіру.
2. Жаңа педагогикалық әдістерді тәжірибеде қолдану.
3. Өріптестермен тәжірибе алмасуды жалғастыру.
4. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру.
5. Шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізу.
6. Өз жетістіктерін жинақтап, тарату.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогтің кәсіби дамуы – балабақшадағы сапалы білім мен тәрбиенің негізі.

Үнемі ізденетін, жаңашылдыққа ұмтылатын педагог қана баланың жан-жақты дамуына жағдай жасай алады.

ABC+ жеке мекемесі педагогтері кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің сапалы дамуына өз үлесін қосады.

Назарларыңызға рақмет!

Баяндамашы: әдіскер Борибекова А.С.

ABC+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

№4 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы»

Өткізілген күні: 24 мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Төрайымы: Меңгеруші - **Борибекова А.С.**

Хатшысы: Тәрбиеші- Алтынбекова Қ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері.
3. Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен шығармашылық жұмыстары.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.
5. 2024–2025 оқу жылына ұсыныстар.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Борибекова А.С. сөз алып, 2023–2024 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебін ұсынды.

Оқу жылы барысында әдістемелік кеңестің жоспарланған отырыстары өткізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды.

Атап айтқанда:

- педагогтердің жоспарлау құжаттарына әдістемелік көмек көрсетілді;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді;
- тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді;
- семинарлар мен кеңестер ұйымдастырылды;
- балалардың даму көрсеткіштері талданды.

Әдістемелік жұмыстардың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тәрбиеленушілердің сапалы дамуына жағдай жасау болды.

Шешім:

1. 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Жинақталған тәжірибелер келесі оқу жылында жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша

Тындалды:

Әдіскер Борибекова А.С. сөз алып, балалардың жылдық даму мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат берді.

Мониторинг барысында балалардың:

- коммуникативтік дағдылары;
- танымдық қабілеттері;
- шығармашылық белсенділігі;
- әлеуметтік дағдылары;
- дене дамуы

қарастырылды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму динамикасы анықталды.

Шешім:

1. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жалғастырылсын.
2. Келесі оқу жылында дамыту бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.

3-мәселе бойынша

Тындалды:

Педагогтердің оқу жылындағы шығармашылық жұмыстары талданды.

Педагогтер:

- ашық іс-әрекеттер өткізді;
- әдістемелік материалдар дайындады;
- тәжірибе алмасты;
- шығармашылық ізденістер жүргізді.

Шешім:

1. Педагогтердің шығармашылық белсенділігі қолдау көрсетілсін.
2. Үздік тәжірибелер жинақталып, тарату жұмыстары жүргізілсін.

4-мәселе бойынша

Тындалды:

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстар жоспары қарастырылды.

Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау, қимыл белсенділігін арттыру бағытындағы іс-шаралар жоспарланды.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігі басты назарда болсын.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды:

2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс бағыттары ұсынылды.

Ұсыныстар:

- педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыру;
- инновациялық әдістерді қолдану;
- ата-аналармен серіктестікті нығайту;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

ҚАУЛЫ

1. 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы бекітілсін.
2. Педагогтердің жетістіктері атап өтілсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
4. Келесі оқу жылына арналған әдістемелік бағыттар ескерілсін.

Төраға: _____ **Борибекова А.С.**

Хатшы: _____ **Алтынбекова Қ.**

ABC+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №4

ҚОРЫТЫНДЫ БАЯНДАМА

Тақырыбы: «2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы»

Баяндамашы: әдіскер Борибекова А.С.

Өткізілген уақыты: мамыр 2024 жыл

КІРІСПЕ

Құрметті әдістемелік кеңес мүшелері!

2023–2024 оқу жылы ABC+ жеке мекемесінің ұжымы үшін ізденіс пен шығармашылық жұмыстарға толы жыл болды.

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, оқу-тәрбие процесінің сапасын көтеру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты – педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану және тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін дамыту болды.

1. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ

2023–2024 оқу жылында төмендегідей міндеттер белгіленді:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- оқу-тәрбие процесін жетілдіру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;
- педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
- ата-аналармен серіктестік жұмыстарын күшейту.

Белгіленген міндеттерді орындау мақсатында әдістемелік кеңестер, семинарлар, кеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер және тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.

2. ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Оқу жылы ішінде 4 әдістемелік кеңес өткізілді.

№1 әдістемелік кеңес

Тақырыбы:

«2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары»

Қаралған мәселелер:

- жылдық жоспарды бекіту;
- педагогтердің жоспарлау құжаттарын қарау;
- оқу жылындағы негізгі міндеттерді белгілеу.

№2 әдістемелік кеңес

Тақырыбы:

«Білім беру процесінің сапасын арттырудағы заманауи педагогикалық әдістер»

Қаралған мәселелер:

- заманауи технологияларды қолдану;
- ашық іс-әрекеттерді талдау;
- балалардың даму көрсеткіштерін қарастыру.

№3 әдістемелік кеңес

Тақырыбы:

«Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары»

Қаралған мәселелер:

- педагогтердің кәсіби дамуы;
- өздігінен білім жетілдіру жұмыстары;
- тәжірибе алмасу.

№ 4 әдістемелік кеңес

Тақырыбы:

«2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы»

Қаралған мәселелер:

- жылдық жұмысты талдау;
- мониторинг нәтижелері;
- келесі оқу жылына ұсыныстар.

3. ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Педагогтер:

- әдістемелік кеңестерге қатысты;
- өз білімдерін жетілдіру жұмыстарын жүргізді;
- ашық оқу қызметтерін көрсетті;
- тәжірибе алмасты;
- шығармашылық жұмыстар орындады.

Педагогтердің кәсіби ізденісі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға ықпал етті.

4. БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ МОНИТОРИНГІ

Балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында оқу жылы барысында бақылау және мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Бағалау бағыттары:

- физикалық даму;
- коммуникативтік дағдылар;
- танымдық даму;
- шығармашылық қабілеттер;
- әлеуметтік дағдылар.

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму динамикасы анықталып, қажет болған жағдайда жеке жұмыстар ұйымдастырылды.

5. АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында:

- ата-аналар жиналыстары;
- кеңес беру жұмыстары;
- мерекелік іс-шаралар;

- бірлескен шығармашылық жұмыстар

ұйымдастырылды.

Ата-аналар оқу-тәрбие процесінің белсенді қатысушылары ретінде тартылды.

6. ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

1. Педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыру.
2. Заманауи әдістерді оқу процесінде тиімді қолдану.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын күшейту.
4. Тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру.
5. Әдістемелік материалдар қорын толықтыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

2023–2024 оқу жылында АВС+ жеке мекемесінің әдістемелік жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді.

Педагогтер өз кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, балалардың дамуына бағытталған сапалы жұмыстар атқарды.

Алдағы оқу жылында да баланың жеке тұлғасын дамытуға, педагогтердің кәсіби өсуіне және білім беру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

Назарларыңызға рақмет!

Баяндамашы: Борибекова А.С.